

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СМИ со всей ответственностью и всеми последствиями, что придает государству маневренности. Тогда уже блог или страница в Facebook будет подчиняться нормам и ограничениям, предусмотренным в Законе о СМИ и других актах. Но следует также отметить, что при этом не предполагается, что все блоги обязаны вставать на учет в соответствующих органах. Не очень правильно каждый ресурс приравнять к СМИ, так как не все веб-ресурсы выполняют функции СМИ (интернет-магазины, развлекательные порталы, сервисы объявлений). Если так, то любой блоггер должен считать себя журналистом, даже если свою страницу он зарегистрировал исключительно в развлекательных целях.

Список использованных источников

1. Конституция Республики Казахстан, принята на Республиканском референдуме 30 августа 1995 года, URL: <http://online.zakon.kz/>
2. Закон Республики Казахстан «О средствах массовой информации» от 23 июля 1999 года, URL: <http://online.zakon.kz/>
3. Рэндалл Д. Универсальный журналист // Национальный Институт прессы, 2000.
4. Калмыков А. А., Коханова Л. А. Интернет-журналистика. - М., ЮНИТИ-ДАНА, 2005.
5. Официальный сайт Интернет Ассоциации Казахстана, URL: <http://www.iak.kz/ru/>

ӘОЖ 574. 6: 556. 51(282. 255. 5)

«ЯШ ТҮРКІСТАН» ЖУРНАЛЫ ЖӘНЕ МҮСТАФА ШОҚАЙ

Сәйдірахманұлы Ұшқын

ushkyn86@mail.ru

ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультетінің 3 курс докторанты, Астана
Қазақстан

Ғылыми жетекші – Н.О.Омашев

Мұстафа Шоқайұлының қаламгерлік қарымы мен саяси-құқықтық көзқарастарының қуатын танытатын шығармашылығы-ның соны тұсы – «Яш Түркістан» журналымен тығыз байланысты. «Бірлік туы», «Ұлығ Түркістан» қатарлы ұлттық газеттердегі редакторлық, публицистік қолтаңбасынан кейін «На Рубеже», «Шафақ» басылымдарындағы демократиялық ой-тұжырымдары Мұстафаның көсемсөзші ретіндегі келбетін әйгілей алады. Дегенмен, бұл басылымдардың ғұмыры қысқа болғандықтан әрі алмағайып заманның өкпегіне дөп келгендіктен қайраткердің саяси ой толғамдарын толық тану мүмкін емес. Сол себепті Мұстафа ғұмырын зерттеу мен көзқарас эволюциясын айқындауда «Иени Түркістан» басылымынан бөлек, «Яш Түркістан» журналын негізгі зерттеу нысаны ретінде қарастырған жөн.

«Яш Түркістан» жарық көрген 10 жыл (1929-1939) Шоқайұлының мұһажырлық кезеңіндегі саяси күресінің ең жарқын кезеңін құрайды. Ол өзі редакторлық еткен осы журнал және еуропалық басылымдар арқылы кеңестік режимге қарсы батыл күресті. Еуропадағы түрлі саяси басқосулар мен конференцияларда кеңестік отарлаушы биліктің Түркістан аймағына жасап отырған қылмыстарын әшкереледі. Осы арқылы әлемдік саяси қауымдастықтың назарын Түркістанның тәуелсіздігіне аударуға тырысты. Журналдың маңызы мен мәнін зерделегенде Түркістан мұһажырлық баспасөзінің білгірі, ғалым Тимур Қожаұлы «Яш Түркістанның» 1870-1990 жылға дейінгі Түркістанда жарық көрген барлық баспасөз арасынан әрі атауының, әрі мазмұнының ұлттық сипатқа ие болуымен айрықша екенін атап көрсетеді. Ғалым пайымынша, «Яш Түркістан» журналы – Түркістанның ұлттық тәуелсіздік мұратын нақты және батыл көтере білген баспасөз [1, 37-6]. Бұл пікірді, сондай-

ақ, зерттеуші Фадли Али де қуаттайды. Ол өз жазбасында Мұстафа Шоқай бастаған бұл тамаша топтың ғылым мен түрікшілдік идеологиясы жолында адал қызмет атқарғанын, «Яш Түркістан» журналы олардың бүкіл түрік әлеміне қалдырған ең маңызды, ең ұлы мұрасы екендігін айтады. Аталған басылым жайлы: «Ол ешқашан ұмытылмайды, ескерусіз қалмайды. Ол – біз үшін мәңгілік ескерткіш! Оның 117 санында жарық көрген мақалалар, айтылған ой-пікірлер 1930-жылдарда қалай қажет болса, бүгін де, ертең де дәл солай қажет!», - деп әділ бағасын береді [2].

«Яш Түркістанның» алтын арқауы – тұран елінің тәуелсіздігі еді. Журнал шығарушылары азаттықты ту етіп көтеріп, осы жолдағы басты бөгет – кеңестік отарлық пен таптық езгіні, партиялық номенклатураның жергілікті өңірдегі озбырлықтарын сынады. Түркістан елінің саяси-мәдени арман-тілегін кеңінен сөз етті. Журнал бетінде, сонымен бірге, халықаралық саяси жағдайлар, Шығыс Түркістан тақырыбы көбірек орын алды.

«Яш Түркістан» журналының өзге басылымдардан басты ерекшелігі – сынының өткірлігі. Атамекеннен қашықта жүріп-ақ, елдің жағдайын, саяси-экономикалық реформалардың барысын және олардың нендей мақсат, қандай мүддеге негізделгенін дөп басып айтып отырды. Тек айтып қана қойған жоқ, нақты дәлел, қисынды кесім, бұлтартпас факт арқылы сараптама жасады. Сондықтан оның бұл сынынан большевиктік империяның өзі сескенген еді. Мұстафаның жазбаларында ұдайы дерек көзі ретінде кеңестік басылымдарды пайдаланатынын және бұлтартпас дәлелдері арқылы коммунистік жүйенің қоясын ақтарып салатын өткір материалдарын оқыған Сталин Шоқайұлын эмиграциядағы басты жауы санады. «Қырөлкеком бюросының барлық мүшелеріне» деп жолдаған хатында И. Сталин былай жазады: «Жуырда менің «Ақ жол» журналымен танысуға мүмкіндігім болды. Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының рухани «ынтымағы» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да, бұл – факт...». Міне, Сталиннің тікелей осы хатының әсерінен ұлттық бояуы қанық «Ақ жол» газеті жабылды. Ал, «Еңбекші қазақ» газетіне қатаң сөгіс жарияланып, редакциялық құрамы қайтадан жаңаруға мәжбүр болды. Енді «Яш Түркістан» журналындағы жазбаға назар аударып көрейік: «Қазақстан Атқару Комитеті төрағасы – Ерназарұлы Елтай Москваға барған. Сапарының мақсаты Совет Одағы бас комитетіне Қазақстанның он жыл ішінде қол жеткізген табыстарынан рапорт тапсыру еді. Түркістанның Қазақстан бөлігі үшін ең маңызды есептелінетін көшпелілерді отырықшыландыру хақында сөйлегендерінен бір ғана сөйлемі аясына ой бөлу жеткілікті. Елтайдың сөзіне қарағанда, 1929-1930-да сексен төрт мың үш жүз қырық (84340) қазақ қожалығы көшпелі хәм жартылай көшпеліліктен отырықшыландырылған-мыс. Елтайдың бұл айтқаны барша совет газеталарында басылды (Әсіресе, «Еңбекші қазақ» хәм «Советская степь» газеталарының 22-23 сентябрьдегі нөмерлері).

Төрағаның мүлдем өтірік айтқанын көрсетпек үшін «Еңбекші қазақтың» 11 сентябрь санындағы бас мақалаға бір қарап шығу керек. Ол мақалада: «Биыл жоспар бойынша 84 мың (көшпелі және жартылай көшпелі) қожалықты бірлестірмекші едік. Алайда барша мекемелердің көрсеткен жалқаулығы мен бұрыс көзқараста болғандығы нәтижесінде аталған жоспар орындалмай қалды...» деп жазылған. Демек, Қазақстан Атқару Комитеті баспасөз органы болған «Еңбекші қазақ» газетасы «жоспар орындалмай қалды» десе, осы Атқару Комитеттің төрағасы Ерназарұлы Елтай Москваға барып «жоспар орындалды» дейді.

Мәселенің ең қызығы сол – Елтайдың бұл өтірігін «Еңбекші қазақтың» өзі де (23 сентябрь нөмері) ұялып-қызармастан басып отыр» [3,39-б]. Бұл – бір ғана дерек. Алайда осы сияқты «өтірік ақпарлар» сол кездегі тұтас жүйенің ең індетті кеселі еді. Ондай шындықты өз дәуірінде тек «Яш Түркістан» ғана айта алды. Әрі «Яш Түркістан» өзіне жүктелген бұл міндетті абыроймен атқара алды да. Дәл осындай бұлтартпас сындар «Яш Түркістанда» үзбей жарияланғанын ескерсек, оны арнайы зерттеудің маңызы тіптен арта түспек.

Басылымда жарияланған сондай сындардың тағы біріне орын берейік: «Төңкерістің бас кезінде социализм үшін буржуа-мүлік иелері талауға түскен болса, енді социализм үшін еңбекші халық бұқарасы талан-таражға түсті.

Кеңес Одағынан басқа ешбір елде ешқашан халық бұқарасы дәл осындай талан-таражға түскен емес. Оған мына төмендегідей дәлелдер келтіруге болады. Большевиктер үкімет басына келместен бұрын, «жалпы халық бұқарасы пайдаланатын алуан түрлі мал-мүліктен салық алу еңбекшілердің мүддесіне қарсы келеді. Мұндай салық күшін жоюға тиіс» десетін. Ал өздері үкімет басына келген соң, «социалистік мемлекеттің қаржысы негізінен мемлекет қожалықтарынан жиналады» деп мүлде басқа әуенге басты. 1919 жылғы 8- партия құрылтайы бекіткен бағдарламада осылай деп атап көрсеткен («КОКП қарарлары мен шішімдері» атты жинақ. I том 302-303 бет).

Енді Кеңестер Одағының 1937 жыл үшін қабылдаған бюджетке байланысты сандық мәліметтеріне бір назар аударып көрейік (Мәскеу газеттерінің үстіміздегі жылғы 15-16 қаңтар сандары). Бюджетке барлық кіріс 98 млрд сом делінген. Онда сауда салықтары 76 млрд 7 млн сом болып көрсетілген. Ол қандай салықтар деп сұрар болсаңыз, жауабы: «астық, ет, қант, май, мата, жер бажысы, темекіден алынатын салықтар» екен.

Жұмысшылар мен шаруалар осынша ауыр салықтар төлеуге мәжбүр болып отыр. Социализм атымен халықтың талан-таражға түсіп жатқанын басқа алуан түрлі «мемлекеттік алымдарды» есте ұстаған жөн. Осындай алымдардың қаншама тонаушылықпен жүргізілетінін астық мәселесінен өте-мөте анық көреміз. Шаруалардан ең жоғары дегенде әр пұттан (16 кг) 1 сом 40- 1 сом 50 тиыннан сатып алған астықты жұмысшы-шаруалардың өздеріне бір килограммын 1 сомнан сатады. Астықты большевиктер спекуляция товарына айналдырып алған. 1937 жылғы бюджетке астықтан кіретін кіріс 24 млрд деп көрсетілген.

Кеңестер Одағында үстемдік құрып отырған социализмді тонаушы дейтін себебіміз, міне осыдан» [4,44-б]. Материалда байқалатындай Мұстафа кеңестік билікті әшкерелеуде негізгі дерек-фактілер мен дәйек-тұжырымдарды кеңестік баспасөздің өзінен алатын. Сондықтан оның сыны бұлтарыссыз, жалтаруға еш орын қалдырмайтын. Мұндай ащы шындықты айпарадай ашып, өтіріктерін бірінен кейін бірін жария етіп жатқан Мұстафаны кеңестік биліктің қауіпті жау санамауы да мүмкін емес еді.

«Жас Түркістан» журналынан Мұстафа Шоқаймен тізе қоса қызмет еткен қаламгерлер шығармашылығымен де танысуға болады. Мәселен, «М.Ш.», «Мыш», «Жанай», «Жас түркістандық», «Бір түркістандық», «Түркістандық түрік», «Иілтер», «Тас балта», «Алтай Ноян», «Түркістан төңкерісшісі», «Бір күрескер», «Білген», т.б. бүркеншік есімдер артында Шоқайұлының өзінен басқа, А. Оқтай, Т. Шағатай қатарлы сенімді ізбасар шәкірттері болды.

Мұстафа Шоқайдың журналды шығарысқан серіктері туралы Фадли Али төмендегі деректерді келтіреді: «Жас Түркістан» журналын жат елде, жат жерде, өзге сипаттағы тұрмыс-тіршілік аясында бірге шығарысқан, тек сол 10 жыл бойына ғана емес, өмірлерінің соңына дейін Мұстафа Шоқайдың сенімді серіктері, адал достары, айнымас ізбасарлары, мұраттас мұрагерлері болған екі аяулы азамат бар. Олардың екеуі де – бауырлас өзбек халқының өкілдері. Екеуі де 1922 жылы Берлинге оқуға барып, кейін сонда қалып қойғандар, өйткені КСРО-ға қайтып оралған жағдайда опат болатындары анық еді. Олардың біреуін Мұстафа Шоқайдың оң қолы, екіншісі сол қолы деп айтуға әбден болады». Бұлар – Тайыр Шағатай мен Әбдулуақап Оқтай. Тайыр Шағатай «Жас Түркістанның» жауапты хатшысы қызметін атқарып, өзі де журналға мақалалар жазып тұрған. Әбдулуақап Оқтай да неміс, түрік тілдерінде жазылған жиырмаға жуық кітаптардың авторы. «Жас Түркістан» журналында да оның көптеген мақаласы жарық көрген [2].

«Жас Түркістанның» халықаралық деңгейдегі басылым болғандығын журналдың екі жылдығына орай жазылған мына мақаладағы деректен байқауға болады: «Жас Түркістанның» тек Еуропа мен Түркияның белгілі жерлерінде ғана емес, соған қоса Иран, Ауғанстан, Қытай, Жапония, Сирия, Арабстанда да оқырмандары бар. Жақында ғана біз Хижазда тұрушы жерлестерімізден де хат алдық. Ол хатта Еуропада өз ана тілімізде Түркістан ұлттық тәуелсіздігі міндеттеріне сай келген бір журналдың шығып тұрғандығына сүйініштерін жасыра алмаған» [5,2-б]. Бірақ бұл онайлықпен келген бедел емес. Жас Түркістандықтардың тандап алған жолының дұрыстығын, өздерінің осы мұрат жолында күресуге лайықтығын толық дәлелдеу арқылы қол жеткізген жетістік. Ол туралы журнал

шығарушылардың өзі былай дейді: «Біз журналымызды шығара бастаған 1929 жылы ауыр қиындықтармен бетпе-бет келдік. Бұл қиындықтар тек материалдық тұрғыдан емес еді. Журналды табысты шығарып кете алу үшін күштеріміз жеткіліксіз сезілетін. «Яш Түркістанның» міндеті саяси істерде әліге көріне қоймаған жас күштерді өз төңірегіне топтастыру болды. Біз бұл күштердің бар екенін білсек те, олардың қарым-қабілетінің саяси мәселелерде өткірлік пен сауаттылықты талап ететін саяси баспасөзде қаншалықты жарамды екенінен мағлұматымыз жоқ еді.

Достарымыздың көмегімен топталған материалдық мүмкіндігіміз тек үш санға ғана жетерлік болатын. Осы болмашы көмек пен ешқашан сынға түспеген жас күштерге артқан үлкен үмітімізбен «Түркістан Ұлттық Бірлігінің» (ТҰБ) ортаға қойған «Түркістан ұлттық тәуелсіз» бағдарламасымен «Жас Түркістан» дүниеге келді». Алдағы жолының ауыр болатынын болжағанымен, тәуекел етіп тәуелсіздік жолына бет алған «яш түркістандықтар» барлық қиындықтарды еңсере білді. 1939 жылы II дүниежүзілік соғыстың тұтануы салдарынан амалсыз жабылғанға дейін басылым өз миссиясынан жаңылған емес. Оның бетінде жарық көрген әрбір мақала Түркістанның азаттығы үшін қызмет етті. Өйткені басылымның өзі атап көрсеткендей, олардағы күш Түркістанды орыс пролетариаты диктатурасынан азат ету мақсатынан туатын. Әрине, мұның басты себебі осы идеяның басында Мұстафа Шоқайұлындай күрескер тұлғаның тұрғандығынан еді.

Қолданылған әдебиеттертер тізімі

1. Қожаұлы Т. «Жас Түркістанның» Түркістан баспасөз тарихындағы орны». «Жас Түркістан» – Түркістан ұлттық пікіріне қызмет етуші айлық журнал». Станбул 1997
2. Фадли Али. Тайыр Шағатай кім?//Жас Алаш. – 2010. – 17 тамыз
3. Түркістан хабарлары (Ерназарұлының иалғаны)//«Яш Түркістан». № 12, ноябрь. 1930 ж.
4. «Сталин социализмі» – талаушы бір систем-дір//)//«Яш Түркістан». №92-93,июль-август. 1937 ж.
5. «Яш Түркістанның» үшінші иыллығы //«Яш Түркістан». №25, декабрь. 1931 ж.

УДК 009/070+1/14:32.001

СВОБОДА СЛОВА – НУЖНЫ ЛИ ЕЙ ГРАНИЦЫ?

Соцкая Оксана Владимировна

srazy.hill@mail.ru

Студентка 1 курса факультета журналистики и политологии

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Есдаулетов А.О.

*Ни одно произнесенное слово
не принесло столько пользы, сколько
множество произнесенных.
Плутарх*

Слово – серебро...

В кабинете под номером 302, где находится редакция газеты «Твой мир», мы, молодые корреспонденты, часто пропадали целыми вечерами, рассуждая на самые разные темы. Однажды беседа зашла о свободе слова: спорили серьезно, кто-то утверждал, что без свободы слова невозможна журналистика, так как с её помощью общество должно влиять на власть. Другие говорили: «Безграничная свобода – это хаос, к которому человек не